

**Ақтоты Қожахметқызы Қожахметова^{1*}, Жамал Айтқалиқызы Манкеева²,
Алмагүл Алтайқызы Хабиева³**

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-6359-9458 E-mail: akony_8484@mail.ru

² филология ғылымдарының докторы, профессор,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-7390-4778 E-mail: mankeeva1950@mail.ru

³ филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-8622-021X E-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru

ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРС ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАСЫ

Аңдатпа. Мақалада өлең тілінің табиғаты жаңа пәнаралық бағыт – лингвистикалық синергетика бағытында қарастырылып, ашық, динамикалық, сызықтық емес, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйенің тәртіп өлшемдерімен басқарылатын элемент ретінде сипатталады. Соған орай зерттеу синергетикалық ғылыми бағыттың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өлеңсөзді жаңа қырынан тануды көздейді. Әрқашан даму үстіндегі күрделі жүйе ретінде бағаланатын поэтикалық мәтіндерді лингвосинергетикалық тұрғыда зерттеу мақсатын белгілейді. Осымен байланысты қолданылған лингвосинергетикалық тәсіл арқылы поэтикалық дискурстың сызықтық емес үдерістері мағыналық бейнелерінің энергиялық күші мен дискурстық кеңістіктегі қозғалысы анықталып, дискурс күрделі ашық сызықтық емес жүйелер аясында қарастырылады. Осындай синергетикалық тәсіл арқылы талдау нәтижесінде Мұқағали Мақатаевтың «Жүрегім» атты өлеңінің көркемдік ерекшеліктерін айқындайтын көркем сөз қуатының қозғаушы күштері жаңаша көрсетіледі. Мақалада Е.Ю. Муратованың поэтикалық мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін ұсынған формуласы арқылы ($CK = A/N$) ақын М.Мақатаевтың «Жүрегім» өлеңінің синергетикалық өлшемі анықталады. Мұқағалидың рухани және тілдік әлемін, көркем сөз әлеуетін өзінше қолдануын лингвосинергетикалық бағыттағы зерттеулер үрдісінде жаңаша зерделеу – ақынның тілдік тұлғасын ашып, шығармашылық тіл байлығын танытатын, сөздің құдіретін айшықтап, көрсететін негізгі арналардың бірі. Синергетикалық маркерлер жүйесін тану тілдің даму барысындағы коммуникативтік қызметін зерттеудегі теориялық негізділігімен қатар, білім беру саласындағы мамандарға, атап айтқанда, мұғалімдер мен оқытушыларға поэтикалық шығармашылықтың құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін оқушылар мен студенттерге түсіндіруге, оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін практикалық құндылығымен де маңызды.

Тірек сөздер: М.Мақатаев; лингвосинергетика; поэтикалық мәтін; синергетикалық байланыс; өзін-өзі ұйымдастыру

Қаржыландыру көзі: Мақала BR24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Қожахметова А.Қ., Манкеева Ж.А., Хабиева А.А. Поэтикалық дискурс лингвосинергетикасы. *TiltanyM*, 2025. №2 (98). 86-93-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-86-93>

**Ақтоты Қожахметқызы Қожахметова^{1*}, Жамал Айтқалиевна Манкеева²,
Алмагүл Алтаевна Хабиева³**

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-6359-9458 E-mail: akony_8484@mail.ru

² доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-7390-4778 E-mail: mankeeva1950@mail.ru

³ кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-8622-021X E-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru

ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКА ПОЭТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Аннотация. В статье рассматривается природа поэтического языка в контексте нового междисциплинарного направления – лингвистической синергетики. Поэтический дискурс описывается как открытая, динамическая, нелинейная и самоорганизующаяся система, элементы которой подчиняются определённым параметрам порядка. Исходя из этого, исследование стремится переосмыслить поэтический текст с позиции синергетической науки. Лингвосинергетический подход применяется для анализа поэтических текстов как сложных, постоянно

развивающихся систем. На основе данного подхода выявляется энергетическая сила смысловых образов и их движение в дискурсивном пространстве, что позволяет интерпретировать дискурс в рамках сложных открытых нелинейных систем. Анализ проводится на примере стихотворения Мукагали Макатаева «Жүрегім» («Моё сердце»), в котором с помощью лингвосинергетического подхода раскрываются движущие силы художественного слова. С использованием формулы синергетического коэффициента, предложенной Е.Ю. Муратовой ($СК = A/N$), определяется уровень организованности текста. Новое прочтение поэтического мира и языковой личности Мукагали Макатаева в рамках лингвосинергетического подхода позволяет глубже понять его художественную силу и духовно-языковое пространство. Изучение системы синергетических маркеров важно не только своей теоретической значимостью в исследовании коммуникативной функции языка в процессе его развития, но и практической ценностью для специалистов в сфере образования, в частности для учителей и преподавателей, поскольку оно позволяет объяснять учащимся и студентам структурные и семантические особенности поэтического творчества и эффективно организовывать учебный процесс.

Ключевые слова: М.Макатаев; лингвосинергетика; поэтический текст; синергетическая связь; самоорганизация

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования BR24993133 «Исследование казахского языка в лингвосинергетическом, лингвоэкологическом, лингводидактическом аспектах и его функция в разработке лингвистических основ учебного текста».

Для цитирования: Козахметова А.К., Манкеева Ж.А., Хабиева А.А. Лингвосинергетика поэтического дискурса. *Tiltany*, 2025. №2 (98). С. 86-93. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-86-93>

Aktoty Kozhakhmetova^{1*}, Zhamal Mankeyeva², Almagul Khabiyeva³

^{1*}Corresponding author, Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-6359-9458 E-mail: akony_8484@mail.ru

²Doctor of Philological Sciences, Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-7390-4778 E-mail: Mankeeva1950@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-8622-021X E-mail: a.a.khabyeva@bk.ru

LINGUOSYNERGETICS OF POETIC DISCOURSE

Abstract. The article considers the nature of poetic language in the context of a new interdisciplinary direction - linguistic synergetics. Poetic discourse is described as an open, dynamic, non-linear and self-organising system, the elements of which obey certain order parameters. Based on this, the study seeks to rethink the poetic text from the position of synergetic science. The linguosynergetic approach is applied to analyse poetic texts as complex, constantly evolving systems. On the basis of this approach, the energetic power of semantic images and their movement in the discursive space is revealed, which allows interpreting discourse within the framework of complex open non-linear systems. The analysis is carried out on the example of Mukagali Makatayev's poem "Zhuregim" ("My Heart"), in which the driving forces of the artistic word are revealed using the linguosynergetic approach. Using the formula of synergetic coefficient proposed by E.Y. Muratova ($SC = A/N$), the level of text organisation is determined. A new reading of the poetic world and linguistic personality of Mukagali Makataev within the framework of the linguosynergetic approach allows us to understand his artistic power and spiritual and linguistic space more deeply. The study of the system of synergetic markers is important not only for its theoretical significance in exploring the communicative function of language in the course of its development, but also for its practical value to specialists in the field of education, particularly teachers and lecturers, as it enables them to explain to students the structural and semantic features of poetic creativity and to effectively organize the educational process.

Keywords: M.Makatayev; linguosynergetics; poetic text; synergistic connection; self-organization

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the No. BR24993133 «Studying the Kazakh language in linguosynergetic, linguoecological, linguodidactic aspects and its function in developing the linguistic foundations of educational text».

For citation: Kozhakhmetova, A., Mankeyeva, Zh., Khabiyeva, A. Linguosynergetics of Poetic Discourse. *Tiltany*, 2025. No. 2 (98). P. 86-93. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-86-93>

Қысқаше

М.Мақатаев өлеңдеріне жасалған талдау негізінде лингвосинергетика мәселесін жан-жақты сипаттауды постклассикалық емес деп аталатын жаңа ғылыми парадигма аясында қарастыруға болады. Классикалық ғылым жабық жүйелердегі үдерістерді зерттеумен айналысса, қазіргі ғылымның басты бағыты – оны ғылыми үдеріс барысында ғана емес, сонымен қатар даму үстіндегі ашық, өздігінен іштей дамитын жүйелер әлемінде тану. Постклассикалық емес дәуірдің ғалымы күрделілік, жүйелілік, дербестік, мақсаттылық, турашылдық, ашықтық сияқты маңызды

ұғымдармен әрекет етеді. Өзін-өзі дамытатын жүйелер өзін-өзі реттейтін жүйелерге қарағанда жүйелік тұтастықтың одан да күрделі түрін білдіреді. Постклассикалық емес ғылымның зерттеу нысаны – өзін-өзі реттеудің бір түрінен (дамушы жүйенің тұрақты күйі) екінші түріне ауысудағы даму үдерісі. Себебі жүйені дамыту барысында ұйымның деңгейлері қалыптасып, олар жаңа мағыналарды қамтиды және бұрын қалыптасқан деңгейлерге кері әсер етеді, соның арқасында жүйе басқа тұтастыққа ие болады да, зерттеуші танымдық іс-әрекет үстінде жүйеге қосылады және оның мүмкін болатын күйлерінің өрісін әрдайым өзгертіп отырады.

Тілдегі синергетикалық көзқарас тілдің функционалды-коммуникативтік теориясымен байланысты болып, тіл коммуникативтік жүйе ретінде көрініс табады (Долгова, 2017). Лингвосинергетика тілді өзін-өзі ұйымдастырушы, коммуникация субъектілерінің танымымен өзара әрекеттесетін тілді жалпы жүйе ретінде қарастырады (Исмаилова, 2016). Осыған орай лингвосинергетика – жай ғана жаңа кезең емес, лингвистика жүйесінің белсенді дамытын дербес парадигмасы, яғни оның негізінде өзін-өзі реттейтін динамикалық жүйе ретінде тілге/сөйлеуге/дискурсқа қатысымы жатады (Пономаренко, 2004). Демек, синергетика коммуникативтік жүйе ретінде тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық үдерісімен байланысты көрініс табады. Олай болса, синергетика – интеграциялық өрістегі біртұтастық даму заңдылығына бағынатын күрделі динамикалық жүйе және сыртқы әлемнің тұтас моделін тілдің ішкі синтаксистік, семантикалық заңдылықтары арқылы бейнелейтін ақпараттық ашық жүйе. Осыған орай мәтін тілі (дискурс) тілді тұтынушы адамға, тілді дамытатын шығармашылық тұлғаның сөз қолданысындағы, сөздің коннотациясындағы сөздің синергиясына назар аударатын жаңаша зерттеудің өзегі не айналып отыр.

Материал және әдістер

Мақалада, алдымен, Мұқағали Мақатаевтың «Жүрегім» өлеңі зерттеудің нысаны ретінде танылып, оның мағыналық ерекшеліктері талданды. Өлеңнің семантикасын сипаттайтын бейнелі сөздер анықталды. Өлеңдегі эмоциялық ауысулардың, көңіл-күй өзгерістерінің, дыбыстық (фонетикалық) қайталаулардың өлеңнің динамикасына әсері қарастырылды.

Өлеңдегі сөздердің динамикалық жүйе ретіндегі құрылымы, тілдік бірліктердің өзара әрекеттесуі, сөздердің өзара байланысы және синергетикалық байланысы синергетикалық әдіс арқылы талданды, синергетикалық маркерлері негізінде синергиялық коэффициенті анықталды. Бұл тәсілдің көмегімен поэтикалық мәтіннің құрылымдық және мағыналық дамуы, ішкі динамикасы, көркемдік мағыналары терең ашылады.

Әдебиетке шолу

«Синергетика» терминін (грек тілінен аударғанда – «ықпал», «желісілген әрекеттер») ғылымға неміс физигі Г.Хакен енгізген. Ғалымның пікірінше, синергетиканың негізі – ашық түсініктер, бейсызықтық жүйе мен үдерістер, хаостың детерминдік үдерісі, диссипатты құрылымы (Князева, 2000: 53). Г.Хакен синергетиканы «физикадан әлеуметтануға дейінгі әртүрлі салалардағы күрделі жүйелердің кең класы үшін өзін-өзі ұйымдастыру және фазалық ауысулар нәтижесінде кеңістіктік, уақытша және функционалды құрылымдардың немесе функциялардың пайда болуын басқаратын, жалпы принциптерді зерттейтін пәнаралық бағыт» деп анықтайды (Хакен, 1985). Басқаша айтқанда, ғалымның түсінігінде бұл – оның бөліктерінің өзара әрекеттесуі кезінде бүкіл жүйеде жаңа қасиеттердің пайда болу теориясы.

Сонымен қатар К.Р. Калашникова «Лингвосинергетический подход к проблеме актуализации авторских смыслов в художественном дискурсе (на материале романа Д.Брауна «Код до Винчи») атты кандидаттық диссертациясында (Калашникова, 2019) дискурстық жүйенің өзіндік қозғалысының заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін авторлық мағыналарды жаңғырту құралдарын лингвосинергетикалық интерпретациялауға қатысты қарастырады.

Ал Д.С. Чернавский синергетиканы әртүрлі табиғат жүйелеріндегі тұрақсыздықтың жалпы теориясы ретінде анықтаса (Чернавский, 2004), С.П. Курдюмов пен Е.Н. Князева «синергетика» терминін әлемнің күрделі жүйелерінің эволюциясы мен өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретінде түсіндіреді (Князева, Курдюмов, 1998).

Қазақ тіл білімінде қазақ сөзінің синергиясы тілдің іштей дамуы, өзін-өзі ұйымдастыруы мен реттелу заңдылығымен тығыз байланыста тілдің жүйелілігі негізінде қарастырылса (Манкеева, 2021), А.Қ. Қайыржановтың «Синергия языка» атты монографиясында орта грек және көне славян

тілдерінің лингвистикалық жүйесі синергетикалық тұрғыдан түсіндіріледі (Каиржанов, 2007).

Сондай-ақ Б.Б. Динаева зерттеу мақаласында қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің өзара синергиялық байланысын, олардың ортақ және ерекше белгілерін қарастырады (Динаева, 2024).

Көріп отырғанымыздай, ғалымдар тілдік элементтердің үйлесімділігі мен олардың арасындағы өзара байланысқа ерекше назар аударады. Бұл бағыт тіл қызметі мен дамуына қатысты зерттеулеріне жаңа серпін беріп, тілдің құрылымы мен дамуын жан-жақты түсінуге айтарлықтай үлес қосады.

Нәтижелер және талқылау

Лингвосинергетика бағытын «ұлт пен тіл», «ұлт пен мәдениет» сабақтастығында, яғни тілді тіл иесінің болмысымен тұтастықта тану сөз құдіретінің когнитивтік тетігін, антропоэзектік уәжділігін танытады. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде лингвосинергетикаға мынадай анықтама беріледі: «Лингвосинергетика – тілді адами, элеуметтік, биопсихикалық, когнитивтік құбылыс ретінде танитын жаңа парадигма. Сондықтан адам болмысы мен әрекетіне сәйкес күрделі жүйе құрылымының менталды лексиконы (этномаркерлі лексиканы) синергетика әдіснамасы арқылы іштей ұйымдасқан психолінгвистикалық үрдістің динамикасын бейнелейтін адами жүйе ретінде танылады... «Тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық және өзін-өзі реттеушілік тетігін зерттеуге арналған ілім» деп анықтауға болатын сияқты» (Манкеева, 2021: 19).

Поэтикалық мәтіннің көркемдігі, ең алдымен, оның тілінің көркемдігімен өлшенеді. Ал тіл көркемдігі дәлдік, ықшамдылық, бейнелілік, нақтылықпен белгіленеді. Сондықтан кез келген ақын-жазушы көркем бейне жасауда осы межені ескере отырып, бейнелі сөздерді, өзіне тән өзгеше мәнері бар көркемдегіш құралдарды өз қабілетіне сай ұшқырлықпен жұмсайды. Сөз мағыналарының түрлі реңге, түрлі мағынаға ауысып, қолданыла алу қабілеті тіл табиғатының шығармашылық сипатына, соған сай жаңа өрісімен тұтасуы көркем шығарманың тіл байлығын танытумен ғана шектелмейді. Ол – оны жетілдіретін, сөздің құдіретін айшықтап, көрсететін негізгі арналардың бірі. Жалпыхалықтық әдеби тіл үлгілерін өз шығармашылығы арқылы жетілдіретін де көркем сөз иелері ретінде танылған тілдік тұлғалар екені даусыз. Осындай көркем сөздің шебері, сөз құдіреті арқылы қазақ поэзиясының шоқтығын биік көтерген ақын – Мұқағали Мақатаев. Әр қаламгердің болмысы мен тұлғасынан туындайтын өзіне ғана тән стилі, сөзсаптамы, ой-танымы болатыны белгілі. М.Мақатаевтың феномені оның өлең жолдарындағы өзіндік көркем әлемінде. Осы тұрғыдан қолданылған метафоралар, теңеулер, қайталамалар т.б. көріктеуіш құралдар М.Мақатаев дискурсына сай қалыптасады.

Поэтикалық мәтіндердің синергиялылығы контексте маркерлердің сапасы мен саны арқылы анықталады. Осы мақсатта поэтикалық мәтіндерге зерттеу жүргізген Е.Ю. Муратованың пікірінше, синергетикалық тәсіл поэтикалық мәтіндегі терең құбылыстардың тетіктеріне жаңаша қарауға жол ашады (Муратова, 2012).

Е.Ю. Муратованың поэтикалық мәтіндерді синергетикалық әдіс арқылы зерттеуі көрсеткендей, лингвопоэтикалық құрылымдық жүйе негізінде мәтінді қабылдау мен интерпретациялау үдерісінде оның күрделілік, жеңілдік және қиындық дәрежелері зерттеудің өзекті аспектілері ретінде танылады. Бұл ретте синергетикалық тәсіл поэтикалық дискурстағы терең құрылымдық-ұйымдастырушылық тетіктерін жаңаша ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Ғалым мәтіннің синергетикалық коэффициентін анықтау үшін мынадай формула енгізген: $СК = A/N$, мұндағы А – маркер саны, N – шумақ саны (Муратова, 2012: 56).

Кейде *суық*, кейде *жылы*,
Кейде *тәтті ләззәт тілі*.
Кейде бейне *көңіл нұры*,
Кейде *махаббат өнген гүлі*.

Сұрғылт дүние теңізінен
Сұстана қорқып жиренген.
Тақуа тіршілік негізінен
Өшпейтін өнер үйренген.

Жүрегім менің – жүйткіп жүзген

Долы мұхит кемесі.
Шабыт туып шаттық жүзден
Келешек өмір елесі.

Жүрегім менің – дәл соққан
Уақыты өмірдің,
Талабыма нұр жаққан
Қуанышы көңілдің.

Жүрегім менің – жанған от
Жылуы бітпей сөнбейтін.
Жүрегім менің – ұшқан оқ
Тастауға қағып көнбейтін.

Кейде мұңлы, кейде шат,
Жүрегім менің қат-қабат.
Аяулысы сол жүректің –
Ләззәтті махаббат.

(Мақатаев, 2013: 9)

Бұл өлеңде 16 синергетикалық маркер бар: *жүрек – суық; жүрек – жылы; жүрек – тәтті ләззәт тілі; жүрек – көңіл нұры; жүрек – махаббат өнген гүлі; сұрғылт дүние; тақуа тіршілік; жүрек – мұхит кемесі; жүрек – өмір уақыты; жүрек – көңіл қуанышы; жүрек – жанған от; жүрек – ұшқан оқ; жүрек – мұң; жүрек – қатқабат; жүрек – шат; жүрек – махаббат*. Жол саны – 24. Мәтіннің синергетикалық коэффициенті – 1,5.

Е.Ю. Муратованың анықтауынша, синергетикалық мәтін – бұл бірден байқалмайтын мағыналарды және мәтінішілік сызықтық емес (нелинейный) қатынастар мен үдерістердің жиынтығын білдіретін көп кодталған мәтін. Ғалым осындай мыңдаған поэтикалық мәтіндерді зерттей отырып, мынадай тұжырымға келген: $СК = 0,25$ (яғни 4 шумақтағы бір маркер: $1/4 = 0,25$). Бұл коэффициент жоғары болған сайын мәтіннің синергетикалық сипаты күштірек болады (Муратова, 2012: 56). Демек, ақын өлеңдерінің синергиялық күш-қуаты өте жоғары, бұл поэтикалық мәтінде синергетикалық ұйымдасу деңгейінің жоғары екенін білдіреді.

Бұл өлеңнің алғашқы шумағындағы «Кейде суық, кейде жылы» сөйлеміндегі *суық-жылы* антонимдерінен тұрақсыздық пен өзгеру байқалады. *Суық* пен *жылы* бір-біріне қарама-қарсы сөздер болғанымен, бұл өлеңде өзара ұйымдасып, ерекше сезімді білдіріп тұр.

Синергетикалық байланыс: *суық* (жауапсыз махаббат) → *жылы* (жылулық).

Жүрек – тәтті ләззәт тілі деген жолды алсақ, мұнда тәтті сезім мен оның керемет жан рахаты екенін айта отырып, оны тіл арқылы жеткізе алатынымызды айқындап, оның синергиялық қуатын дәріптеп тұр. *Жүрек көңіл нұры* деген тіркесте, адамның жан дүниесі нұрланып, көңілі көтеріліп, ерекше сезімге бөленетіндігін айшықтайды.

Синергетикалық байланыс: *жүрек* (махаббат, сезім) → *тәтті* (ерекше сезім) → *ләззәт* (құмарлық) → *тіл* (сезімді білдіру).

Жүрек – махаббат өнген гүлі. Мұнда ақын жүректе орнаған махаббат гүл сияқты гүлдейтінін, яғни оның гүл сияқты нәзіктігін суреттеген. *Гүл, махаббат, жүрек* сөздері өзара әрекеттесіп, біртұтас жүйе болып, поэтикалық мәтінге энергия беріп отыр.

Синергетикалық байланыс: *жүрек* (ынтықтық) → *махаббат* (сезім) → *өнген гүлі* (нәзіктік).

Сұрғылт дүние теңізінен тіркесі негізінде өмірдің үмітсіз, күңгірт тұсы бейнелене келе, «теңіз» сөзімен өзара әрекеттесіп, адам сезімінің шексіз, ұшы-қиыры жоқ кеңістігі көрініс тапқан.

Сұрғылт дүние теңізінен // Сұстана қорқып жиренген деген өлең жолдары тілдің өзін-өзі ұйымдастыруы арқылы тұтасқан динамикалық жүйені түзеді. Өлең жолдарын синергетикалық тұрғыда талдайтын болсақ, оның құрылымындағы етістіктердің өзара әрекеттесуін көреміз. *Сұрғылт дүние теңізі* мен *сұстана қорқып жиренген* бейнелері өзара тығыз байланысып, адамның өмірге деген үрейі мен белгісіз әлемге деген сезімін көрсетеді. Бұл екі бейнелі сөз адамның қорқыныштан қашуы мен өмірдің қиындығына қарсы тұруын ұштастырып, адамның ішкі

әлемінің өзара байланысын айқындайды. Синергетикалық тұрғыдан алғанда, бұл бейнелі сөздерді жеке-жеке емес, олардың бір-біріне әсер етуші жүйе ретінде қарастыруға болады.

Синергетикалық байланыс: *сұрғылт* (бұлыңғыр, үмітсіз) → *дүние* (өмір) → *теңіз* (шексіздік, кеңістік) → *сұстана қорқып жиренген* (үрей).

Тақуа тіршілік метафоралы тіркесіндегі *тақуа* мен *тіршілік* сөздерінің өзара байланысын, бір-біріне әсерін зерттеу арқылы синергетикалық маркер жүйесін түзе алатынын қарастырамыз. *Тақуа*. Діндар, діншіл. *Тіршілік*. 1. Күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік (Қазақ сөздігі, 2013).

Мұндағы *тақуа* мен *тіршілік* сөздері өзара тұтасып, терең мағынаны береді. *Тақуа тіршілік* бейнелі сөзі күнделікті жай өмір сүру емес, рухани тұрғыдан өмір сүруді айтып тұр. *Тақуалық* пен *тіршілік* сөздерінің өзін-өзі ұйымдастыруы арқылы материалдық пен рухани үйлесім тауып, өзара әрекеттесуінен жаңа мағына туындағанын көреміз. *Тақуа* деген рухани болмыс арқылы *тіршілік* сөзінің материалдық болмысымен бірігіп, адамның рухани да материалдық үйлесімділігінің маңызын айқындап тұр.

Синергетикалық байланыс: *тақуа* (рухани әлем) → *тіршілік* (материалдық).

Өшпейтін өнер үйренген тіркесіндегі *өшпейтін* сөзі «мәңгілік» пен «шексіздік» мағынасын үстеп тұр. Мұнда ол тұрақтылықты, яғни жоғалмайтын, өзгермейтін дегенді білдіреді. *Өнер* сөзі шеберлікті, яғни белгілі бір қабілетті білдіреді. Бұл жерде рухани құндылықты дәріптеп тұр. *Үйренген* сөзі белгілі бір әрекетті білдіретін етістік. *Өшпейтін өнер үйренген* сөздерінің өзін-өзі ұйымдастыра отырып, сөйлемді динамикалық қозғалысқа түсіріп, тіркестің мәңгілік және рухани өнерді үйренуді меңзеп тұрғанын көруге болады. *Өшпейтін* сөзі өнерді сипаттап, логика-семантикалық байланысты құрап тұр. Ал *үйренген өнер* тіркесі сөйлемдегі іс-әрекетті айқындайды. Бұл жердегі *үйренген* етістігі сөйлемнің динамикасын білдіреді. Тұрақтылық, тепе-теңдік «өшпейтін өнер» деген тіркесте көрініс тауып тұр. Ал «үйренген» етістігі арқылы тұрақтылықты динамикалық түрде толықтырады. *Өшпейтін* (сөнбейтін, мәңгі) → *өнер* (шеберлік) → *үйренген* (білу, қолдану). *Өшпейтін өнер үйренген* деген өлең жолы лингвосинергетикалық тұрғыдан жоғары семантикалық және прагматикалық әсерге ие. Сөздер арасындағы динамика мен өзара әрекеттесу адамның рухани тұрғыдан дамуындағы тұрақтылық «өшпейтін өнер» және «үйренген» қозғалыс арасындағы тепе-теңдікті бейнелейді.

«Жүрегім менің жүйткіп жүзген // Доны мұхит кемесі» өлең жолдарындағы *жүрек* – *мұхит кемесі* бейнелі сөзі махаббат сезімінің алай-дүлей сипатын теңіздегі қатты дауылда, толқыған толқында жүзген кеме тәрізді жүрекке бой бермей тулаған асқақ сезімді білдіреді.

Жүрек жүйткіп жүзген тіркесіндегі аллитерация, яғни «ж» әрпінің қайталануы, сөздердің өзара әрекеттесіп, бір-бірімен үйлесуі тіркеске ритм беріп, мәтінге динамика қосады. Мұндай фонетикалық үйлесім тіркестің ішкі үндестігін айшықтайды. Тіпті бұл сөздердегі «ү» әрпі жіңішке айтылым бойынша да бейнелі сөздер тіркесіне нәзіктік сезімін үстеп тұр деуге болады.

Бұл тіркесте *жүрек* биологиялық орган ретінде емес, адамның ішкі сезімінің символы ретінде қолданылып тұр. *Жүйткіп жүзген* деген тіркес қимылдың екі фазасын тұтастырып, динамиканы көрсетеді. *Жүрегім жүйткіп жүзген* деген сөздер синергетика заңдылығы бойынша, күрделі, біртұтас жүйені құрап, жаңа мағына тудырады. Жүректің доны мұхит кемесіне ұқсатылуы шексіздікті және тереңдікті бейнелейді. «Доны» сын есімі сезімнің белгілі бір уақыт аралығында тұрақсызданатынын айшықтайды. Синергетикалық моделі: *жүрек* (сезім) → *жүйткіп жүзген* (алаңсыз) → *доны* (құбылмалы) → *мұхит* (шексіздік, тереңдік) → *кеме* (қатынас).

Көркем мәтіндерде қолданылған қайталамалар бір сөз немесе сөз тіркесін сөйлем ішінде не жеке сөйлем ретінде қайталап беру арқылы өзіне оқырман назарын бірден аударып, сөз синергиясын күшейтеді. Мысалы:

Жұлдыз қандай, жұлдыз қандай тұп-тұнық

Жер мен Аспан.

...*Жанып-сөнген, жанып-сөнген* жұлдыздар

Іңірдегі стадион секілді.

Бұл өлеңдегі *жұлдыз қандай* тіркесінің қайталануы өлеңнің ырғақтық құрылымын тұрақтандырып, ерекше әуезділік береді. Бұл тіркестің екі рет қайталануындағы алғашқы қайталауда сұрақ, яғни қандай екенін анықтауға ұмтылса, екінші қайталау ақынның таңданысын білдіреді. Оқырманның назарын «жұлдыз» бейнесіне аудартады. *Тұп-тұнық* сөзімен өзара

әрекеттесіп, жұлдыздың бейнелілік құрылымы күшейіп, оның мөлдірлігі көркемдік жағынан тереңдетіліп тұр.

Синергетикалық динамика: *жұлдыз қандай?* – сұрақ; *жұлдыз қандай* – толғаныс; *тұп-тұнық* – сипаттама; *жер мен аспан* – ғаламдық бейне. Бұл динамика өлеңнің семантикалық және эмоциялық кеңеюін көрсетеді.

Абай шығармашылығындағы синергетика мәселесіне арналған мақалада: «Синергетикасыз мәтін әлемін зерделейтін ресми гуманитарлық ғылым назар аудармау принципі негізінде көне принципті, оның ішінде бағзы мифтік ұғымдарды жүрдім-бардым сөз еткен шақта көп нәрсе назардан тыс қалады. Сол себепті Абайдың мифопоэтикасын бір ғана әдебиеттанудың қазығына байлап қоюға болмайды. Оны жыланның ескі терісінен арылғаны сияқты әдебиеттануды жартылыстану ғылымымен байланыстағы жаңаша зерделеулермен алмастырған орынды» (Қалиакпар, Қуантайұлы, Төлепберген, 2023: 183) – деп, атап көрсетіледі.

Олай болса, көркем мәтіндегі (өлеңсөздегі) коммуникативтік бағытта нақты ақпаратты бойына жинақтаған әрі өзгеге жеткізіп отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістік тұрасында мәлімет беретін, жеке тұлғаның рухани әлемін ашуға ықпал ететін тілдік бірліктер сөз күдіретін күшейтетін лингвосинергиялық көз болып табылады.

М.Мақатаевтың сөз кестесін құруы, сөз әлеуетін тиімді қолдану даралығы, ұлт болмысының тілдік бейнесіндегі сөз күдіретін поэтикалық мәтіндерінде ерекше қолдануы қазақ сөзінің синергиясының ақын жырларындағы көркемдік қуатының өзгешелігін танытып отыр. Осы тұрғыдан бағаланатын поэтикалық мәтіндер қазақтың халық ретіндегі мінез-құлқы мен қабілет-қарымын, дүниетанымын, бітім-болмысын, тұрмыс-тіршілігін, қазақ даласындағы бейнесін айқындап көрсетеді.

Қорытынды

Мәтіннің энергиясын зерттеуге бағытталған лингвосинергетика ғылымы поэтикалық мәтіндерді талдау үдерісінде аса тиімді. Нақты айтқанда, өлеңдердің ішкі құрылымын айқындауға, оның тілдің сан қилы қабаттарын ашуға үлкен үлес қосады.

Синергетикалық әдіс арқылы М.Мақатаевтың өлеңсөздерінің күрделі құрылымдық, динамикалық жүйе ретінде өзін-өзі қалай ұйымдастыратыны анықталады. Ақынның поэтикалық тілі – бейнелі сөздердің өзара әрекеттестігі арқылы үздіксіз дамып отыратын жүйе. Осы арқылы ақынның поэтикалық мәтіндеріндегі семантикалық өзгерістің, эмоциялық ауысулардың өзара байланысы өлеңнің ішкі синергиясын қалыптастыратынын көруге болады.

Зерттеу нәтижесінде синергетикалық әдістің поэтикалық мәтіндерді зерттеуде маңызды құралдардың бірі екені, поэзияның күрделі динамикалық жүйе ретінде қарастырылуы оның көркемдік ерекшеліктерін ашуға тың мүмкіндіктер беретіні анықталды.

Әдебиеттер

- Динаева Б.Б. Қазақ және түрік паремияларының лингвосинергиясы // *Tiltanyum*. – 2024. – №4 (96). – 25-39-бб.
- Долгова С.Ю. Преemptивность традиций и инноваций в российском образовании // *Инновационные стратегии развития педагогического образования: сборник научных трудов тринадцатой международной очно-заочной научно-методической конференции: в 2 частях*. – Казань, 2017. – С.120-124.
- Исмаилова О.И. Культурологические факторы, обуславливающие специфику создания языковой игры // *Язык и мир изучаемого языка*. – Москва, 2016. – №7. – С. 231-233.
- Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
- Каиржанов К.А. Синергия языка: монография. – Астана: КУЭФимТ: ИПЦ, 2007. – 240 с.
- Калашникова К.Р. Лингвосинергетический подход к проблеме актуализации авторских смыслов в художественном дискурсе (на материале романа Д.Брауна «Код до Винчи»): дис. ... канд. филол. наук. – Уфа, 2019.
- Қалиакпар Д., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Абай шығармашылығындағы синергетика // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127).
- Князева Е.Н. Интервью с профессором Г. Хакеном // *Вопросы философии*. – 2000. – №3. – С. 53-61.
- Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Синергетика и принципы коэволюции сложных систем // *Проблемы общественного развития*. – 1998. – №3-4. – С. 3-6.
- М.Мақатаев шығармаларының толық жинағы. 3-басылым. I том: Өлеңдері мен дастандары. – Алматы: «Жалын» баспасы, 2013. – 320 б.
- Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2021. – 272 б.
- Муратова Е.Ю. Синергетический анализ поэтического текста // *Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика*. – 2012. – №2.

- Пономаренко Е.В. Системность функциональных связей в современном английском дискурсе: дис. ... доктора филол. наук. – Москва, 2004. – 447 с.
- Хакен Г. Синергетика. – Москва: Мир, 1980. – 404 с.
- Хакен Г. Синергетика. Иерархии неустойчивостей в самоорганизующихся системах и устройствах. – Москва: Мир, 1985. – 424 с.
- Чернавский Д.С. Синергетика и информация. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. – 288 с.

References

- Chernavskij, D.S. (2004) Sinergetika i informacija. M.: Editorial YRSS. 288 p. [Chernavski, D.S. (2004) Synergetics and information. M.: Editorial YRSS. 288 p.] (in Russian)
- Dinaeva, B.B. (2024) Qazaq zhane turik paremialarynyng lingvosinergijasy. Tiltany. 96(4). P. 25-39. [Dinayeva, B.B. (2024) Linguosynergy of kazakh and turkish paremia. Tiltany. 96(4). P. 25-39.] (in Kazakh)
- Dolgova, S.Ju. (2017) Preemstvennost tradicij i innovacij v rossijskom obrazovanij. Innovacionnye strategii razvitija pedagogicheskogo obrazovanija: sbornik nauchnyh trudov trinadcatoj mezhdunarodnoj ochno-zaochnoj nauchno-metodicheskoy konferencii: v 2 chastjah. Kazan. S.120-124. [Dolgova, S.Yu. (2017) Continuity of traditions and innovations in Russian education: Innovative Strategies for the Development of Pedagogical Education: A Collection of Scientific Papers from the Thirteenth International In-Person and Distance Scientific and Methodological Conference: In 2 Parts. Kazan. P. 120-124.] (in Russian)
- Ismailova, O.I. (2016) Kulturologicheskie faktory, obuslovlivajushie specifiku sozdaniya jazykovoj igry. Jazyk i mir izuchaemogo jazyka. №7. P. 231-233. [Ismailova, O.I. (2016) Cultural Factors Determining the Specificity of Language Game Creation. Language and the World of the Target Language. Moscow. No. 7. P. 231-233.] (in Russian)
- Haken, G. (1980) Sinergetika. Moskva: Mir. 404 s. [Haken, G. (1980) Synergetics. – Moscow: Mir. 404 p.] (in Russian)
- Haken, G. (1985) Sinergetika. Ierarhii neustojchivostej v samoorganizujushhihsja sistemah i ustrojstvah. Moskva: Mir. 424 s. [Haken, G. (1985) Synergetics. Hierarchies of Instabilities in Self-Organizing Systems and Devices. Moscow: Mir. 424 p.] (in Russian)
- Qazaq sozdigi. (2013) Almaty: Daur. 1488 b. [Kazakh Dictionary. (2013) Almaty: Daur. 1488 p.] (in Kazakh)
- Kairzhanov, K.A. (2007) Sinergija jazyka: monografija. Astana: KUEFiMT: IPC. 240 s. [Kairzhanov, K.A. (2007) Synergy of Language: monograph. Astana: KUEFiMT: IPC. 240 p.] (in Russian)
- Kalashnikova, K.R. (2019) Lingvosinergicheskij podhod k probleme aktualizacii avtorskih smyslov v hudozhestvennom diskurse (na materiale romana D.Brauna «Kod do Vinchi»): dis. ... kand. filol. nauk. Ufa. [Kalashnikova, K.R. (2019) Linguistic Synergetic Approach to the Problem of Actualizing Authorial Meanings in Artistic Discourse (Based on the Novel the Da Vinci Code by D.Brown): dis. ... Candidate of Philological Sciences. Ufa.] (in Russian)
- Qaliakpar, D., Quantajuly, N., Tolepbergen, B. (2023) Abaj shygarmashylygyndagy sinergetika. Jasau universitetining habarshysy. №1 (127). [Kaliakpar, D., Kuantayuly, N., Tolepbergen, B. (2023) Synergetics in Abai's works. Bulletin of Yassawi University. No. 1 (127).] (in Kazakh)
- Knjazeva, E.N. (2000) Intervju s professorom G.Hakenom. Voprosy filosofii. № 3. P. 53-61. [Knyazeva, E.N. (2000) Interview with Professor G.Haken. Questions of Philosophy. No. 3. P. 53-61.] (in Russian)
- Knjazeva, E.N., Kurdjumov, S.P. (1998) Sinergetika i principy koevoljucii slozhnyh sistem. Problemy obshhestvennogo razvitija. №3-4. P. 3-6. [Knyazeva, E.N., Kurdyumov, S.P. Synergetics and principles of coevolution of complex systems. Problems of social development. No. 3-4. P. 3-6.] (in Russian)
- M.Maqataev shygarmalarynyng tolyq zhinagy. 3-basylym. I tom: Olengderi men dastandary. (2013) Almaty: «Zhalyn» baspasy. 320 b. [M.Makatayev's Complete Works. 3rd Edition. Volume I: Poems and Epics. (2013) Almaty: Zhalyn. 320 p.] (in Kazakh)
- Mankeeva, Zh. (2021) Qazaq sozining sinergijasy. Almaty: Qazaq ulttyq universiteti. 272 b. [Mankeyeva, Zh. (2021) Synergy of the Kazakh word. Almaty: Kazakh National University. 272 p.] (in Kazakh)
- Muratova, E.Ju. (2012) Sinergeticheskij analiz poeticheskogo teksta. Vestnik RUDN. Seriya Teorija jazyka. Semiotika. Semantika. №2. [Muratova, E.Yu. (2012) Synergetic Analysis of Poetic Texts. Bulletin of RUDN. Series: Theory of Language. Semiotics. Semantics. No. 2.] (in Russian)
- Ponomarenko, E.V. (2004) Sistemnost funkcionalnyh svyazej v sovremennom anglijskom diskurse: dis. ... doctora filol. nauk. Moskva. 447 b. [Ponomarenko, E.V. (2004) Systematicity of functional connections in modern English discourse: dis. ... Doctors of Philology Sciences. Moscow. 447 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 02.05.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.